



Даму стратегиясы

БІЗДІҢ ФИЛОСОФИЯМЫЗ

Тұрақты даму – ұлттық басымдықтарды іске асыруды және нарықтық мақсаттарға қол жеткізуді біріктіретін біздің негізгі тәсіліміз. 2030 жылға дейінгі жаңа стратегия жағдайында Қор ішкі инвестицияларға, ҒЗТҚЖ-ны жандандыруға және активтерді жеке секторға біртіндеп шығаруға баса назар аудара отырып, инвестициялық холдингке трансформацияланады. Бұл тәсілдің маңызды құрамдас бөлігі экологиялық жауапкершілікті арттыруға, декарбонизациялауға және әлеуметтік дамытуға бағытталған нақты ESG-қағидаттарды енгізу болып табылады, бұл бір жағынан Қазақстанның тұрақты даму жөніндегі ұлттық күн тәртібіне Қордың үлесін күшейтеді, екінші жағынан – активтер құнының ұзақ мерзімді өсуіне және олардың нарық үшін тартымдылығын арттыруға негіз жасайды.

Біз үшін тұрақты даму Қордың қаржылық, бәсекелестік және әлеуметтік-экологиялық мақсаттарын біріктіретін интеграциялайтын шеңбер болып табылады. Активтердің құнын арттыруға корпоративтік басқарудың, ашықтық пен комплаенстің үздік практикаларын енгізу арқылы, сондай-ақ бизнес-процестерді оңтайландыру және ресурс үнемдеу есебінен қол жеткізіледі. Бәсекелестікті дамыту және экономикадағы үлесті төмендету инновацияларды, ірі инфрақұрылымдық жобаларды және жаһандық серіктестікті қолдаумен ынталандырылады, бұл сондай-ақ декарбонизация және тұрақты инфрақұрылым құру сияқты тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келеді.

Біз қызметті 2023–2032 жылдарға арналған даму жоспарына (Стратегияға) сәйкес жүзеге асырудамыз, ол негізгі Жалпыұлттық басымдықтарға сәйкес келеді және елдің «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыруға ықпал етеді.

Тұрақты даму стратегиясы біздің Даму стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады және біздің ұзақ мерзімді мақсаттарымызға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. ESG-қағидаттарды енгізу бізге жауапты инвестордың беделін нығайтып қана қоймай, жаһандық серіктестіктерді қалыптастыруға және халықаралық инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде мемлекеттің экономикадағы үлесін төмендетуге және портфельдік компаниялардың жалпы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Қордың 2023-2032 жылдарға арналған қызметінің стратегиялық бағыттары мен мақсаттары

Мақсаттар		
Таза активтердің құнын ұлғайту	Бәсекелестікті дамыту	ESG қағидаттарын енгізу
Міндеттер		
Қаржылық көрсеткіштер - Еңбек өнімділігін арттыру - Қаржылық тұрақтылық - Бизнес-процестерді оңтайландыру және жетілдіру - Жауапты және нарықтық тариф белгілеу Технологиялық жаңғырту - Активтерді жаңғырту және цифрландыру - ҒЗТҚЖ және инновацияларды, жоғары технологиялық өндірістерді дамыту	Экономикадағы үлестің төмендеуі - IPO/SPO және экономикадағы үлестің төмендеуі Инфрақұрылым және ресурстық база - Ірі инфрақұрылымдық жобалар - Ресурстық базаны дамыту - Инфрақұрылым мен нарыққа тең қол жеткізу Бірлесіп инвестициялау - Жаңа қайта бөліністерге шығу және индустриялар құру - Жаһандық әріптестік және инвестициялық қызметті үйлестіру	Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелері - Корпоративтік басқару - Ашықтық, мөлдірлік және комплаенс Адамдарға қамқорлық жасау - Әлеуметтік жауапкершілік - Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің алдыңғы қатарлы тәжірибесі - Адами капиталды дамыту Қоршаған ортаға қамқорлық жасау - Ресурс үнемдеу - Декарбондау «Жасыл» қаржыландыру



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

Қордың елдің әл-ауқатына
қосқан үлесі

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

Қордың стратегиялық мақсаттары – таза активтердің құнын ұлғайту және бәсекелестікті дамыту – тұрақты даму қағидаттарымен тікелей байланысты. ESG-қағидаттарды іске асыру бізге тәуекелдерді азайтуға, инвестициялық тартымдылықты арттыруға, қосымша нарықтық мүмкіндіктер жасауға және тұрақты өсімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Негізгі міндеттер - еңбек өнімділігін арттыру, активтерді жаңғырту, цифрлық және ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу активтер (NAV) құнының өсуіне тікелей әсер етеді. Бір уақытта көміртегі ізінің төмендеуіне баса назар аудару, «жасыл» қаржыландыруды және әлеуметтік бастамаларды дамыту жаһандық инвестициялық трендтерге сәйкес келеді, сол арқылы Қордың әлемдік капитал нарығындағы бәсекелестік позицияларын күшейтуге ықпал етеді.

Біздің тұрақты даму Стратегиямыз активтер құнының ұзақ мерзімді өсуіне, бәсекелестік ұстанымдарды күшейтуге және тұрақты дамудың ұлттық мақсаттарына қол жеткізуге жағдай жасайды.

ПОРТФЕЛЬДІК КОМПАНИЯЛАР ДЕҢГЕЙІНДЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ

Қор стратегиялық холдинг қызметін атқара отырып, ESG-қағидаттары негізгі орынды алатын бірыңғай күн тәртібін қалыптастырады. Іс жүзінде бұл корпоративтік басқару деңгейінде экологиялық жауапкершілікпен, әлеуметтік үлеспен және басқарушылық мәдениеттің жоғары стандарттарымен ұштасқан тиімділік, жеделділік және ашықтық негіздері салынып жатқанын білдіреді. Бұл рөлдің маңызды элементі активтердің құрылымын оңтайландыру болады. Қор компанияларды иеленудің барынша ашық схемасына және артық буындарды қысқартуға ұмтылады, бұл ESG-көрсеткіштерді бақылауды жеңілдетеді және барлық портфельдік ұйымдарда табиғатты қорғау, әлеуметтік және басқару бастамаларын келісілген түрде енгізуді қамтамасыз етеді.

Барлық компаниялар тобында ESG-қағидаттарды жүйелі енгізу үшін Қор барлық еншілес және тәуелді компанияларда орындалуға міндетті бірыңғай саясаттар мен корпоративтік стандарттарды әзірлейді. Олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет пен тәуекелдерді басқарудан бастап еңбекті қорғау, экология, әлеуметтік саясат және корпоративтік мәдениет мәселелеріне дейінгі бағыттардың кең ауқымын қамтиды. Портфельдік компаниялардың жарғылық және ішкі құжаттарында осы жалпы талаптарды олардың операциялық қызметіне «қондыруға» мүмкіндік беретін тетіктер бекітіледі. Бұл ретте әрбір компания салалық ерекшелікті ескере отырып, түзетулер енгізу құқығын сақтайды, бірақ негізгі ESG-қағидаттары өзгеріссіз қалады. Мұндай біріздендіру көрсеткіштердің салыстырмалылығын және бүкіл Топ бойынша стратегияны орындаудың ашықтығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қорға жалпы стандарттар мен практикаларды жедел қадағалауға, түзетуге және жетілдіруге мүмкіндік береді.

Тұрақты даму стратегиясын портфельдік компанияларға каскадтау

I

ЖАЛПЫ СТРАТЕГИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ:

Қор негізгі салаларда (комплаенс, сатып алу, персоналды басқару және т.б.) жалпы стратегияны қалыптастырады, корпоративтік стандарттарды әзірлейді және енгізеді.

II

ТҮЙІНДІ МАҚСАТТАРДЫ ҚОЮ:

Қор портфельдік компанияларға каскадтанатын стратегиялық ПӘК белгілейді.

III

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ БЕКІТУІ:

Барлық стратегиялық шешімдер (оның ішінде пайданы бөлу, ірі мәмілелер жасау, инвестициялық жобаларды іске асыру, ESG-қағидаттарды енгізу бойынша жол карталарын іске асыру және т.б.). Қор акционер ретінде ұсынылған портфельдік компаниялардың Директорлар кеңесі арқылы өтеді. Осылайша стратегиялық бағдарлар басқарудың «жоғарғы деңгейінде» бекітіледі.

IV

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ КІРІГУ:

Портфельді компаниялар Қордың стратегиясына сәйкес 10 жылға арналған даму жоспарларын әзірлейді. Олар жергілікті жерлерде стратегияны іске асырудың негізгі құралына айналады.

V

МОНИТОРИНГ:

Қор портфельдік компаниялардағы (Директорлар кеңесінде, тұрақты Есептілік, кездесулер, стратегиялық сессиялар арқылы) өз өкілдері арқылы стратегияны іске асыру нәтижелерін қадағалайды.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Тұрақты даму саласындағы стратегияны тиімді іске асыру үшін біз алдымызға мақсаттар қойдық және сандық және сапалық көрсеткіштер жүйесін (ПЭК) пайдаланамыз. Бұл көрсеткіштер біздің тұрақты дамудың стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізу жөніндегі прогресті қадағалауға мүмкіндік береді; стейкхолдерлер (акционер, іскер серіктестер, жұмыскерлер, жергілікті қоғамдастықтар) алдында ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етуге; инвестициялар мен басқару шешімдерінің тиімділігін арттыру, өйткені ПЭК ұзақ мерзімді өсу үшін айқын бағдарлар қалыптастырады.

Біздің тұрақты даму саласындағы мақсатымыз БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарымен (БҰҰ ТДМ), Париж климаты жөніндегі келісімімен келісілген, сондай-ақ Қазақстанның тұрақты дамуының ұлттық күн тәртібіне сәйкес келеді.

Өз қызметіміздің ерекшелігін және тұрақты дамудың негізгі бағыттарын пысықтауды ескере отырып, біз үшін стратегиялық маңызы бар және ықпал етудің ең жоғары әлеуеті бар он бір ТДМ анықтадық.

Бұл мақсаттар Қордың тұрақты дамуға жүйелі және дәйекті тәсілін көрсетеді, бұл ретте өмір сүру сапасын арттыру, адами капиталды дамыту, «жасыл» технологияларды енгізу, инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру, ашық басқару қағидаттарын сақтау және серіктестіктерді нығайту міндеттері бірінші кезекке шығады.

Біздің тұрақты даму саласындағы стратегиямызда осы он бір басымдықты ТДМ ішкі саясаттан бастап жергілікті қоғамдастықтарды дамытуға және стейкхолдерлермен өзара іс-қимылға бағытталған жобалар мен бағдарламаларға дейінгі қызметтің барлық деңгейлерін (комплаенс, экологиялық менеджмент, кадр саясаты) «басып өтеді».

Қор үшін стратегиялық маңызы бар БҰҰ Тұрақты даму мақсаттары





Қор Туралы

Тұрақты даму және esg саласындағы стратегиялық тәсіл

Қордың елдің әл-ауқатына қосқан үлесі

Біз қалай жұмыс істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға инвестиция саламыз

Корпоративтік басқару

Қосымшалар

Қордың тұрақты даму саласындағы 2024 жылғы қызметінің түйінді нәтижелері

Стратегиялық бағыт	БҰҰ ТДМ	Қордың стратегиялық мақсаттары	Мақсатты көрсеткіш	2024 жылғы жетістіктер
Корпоративтік басқару	5 ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК	Тұрақты даму мәселелерін басқару жүйесін жетілдіру	Қор Тобының ESG-рейтингі 2032 жылға қарай 70 перцентиль	Орташа өлшенген ESG рейтингі - 63 перцентиль (2023 жылы – 53 перцентиль). Портфельдік компаниялардың ESG-рейтингтерінің нәтижелері көп жағдайда орташа салалық көрсеткіштерден асып түседі. Толығырақ – «Тұрақты дамудың стратегиялық тәсілі және ESG» бөлімінде.
		Қор компанияларының басшы органдарындағы әйелдердің үлесін арттыру	2030 жылға қарай 30%	Директорлар кеңесі/портфельдік компаниялардың Бақылау кеңестері құрамындағы әйелдердің үлесі – 17%, Атқарушы органдар құрамындағы әйелдердің үлесі - 15% (2023 жылы 13% және 17%)
		Қордың Директорлар кеңесі мен портфельдік компаниялардың құрамындағы тәуелсіз директорлардың үлесі	Ұсынылатын үлес Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан 60% дейін	Қордың Директорлар кеңесінің құрамына 4 тәуелсіз директор кірді, бұл 57%-ды құрайды (2023 жылы 43%).
Ашықтық, мөлдірлік және комплаенс	16 БЕЙБІТШІЛІК, ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйелерін ISO 37001:2016 «Парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі» және ISO 37301:2021 «Сәйкестікті басқару жүйесі» халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне сертификаттау		2027 жылға дейінгі комплаенс функциясын дамыту стратегиясы бекітілді. «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» ISO 37001:2016 стандартына сәйкестігіне сертификаттаудан өтуге дайындық жұмыстары жалғасуда.
Әлеуметтік жауапкершілік	8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ	Жалақысы төмен кәсіптер мен лауазымдағы жұмыскерлердің жалақыларын көтеру	2023–2027 жылдары	2024 жыл ішінде Қор тобының 221 мыңнан астам жұмыскерінің жалақысы 2%-дан 40%-ға дейін көтеріліп, жалақысы төмен лауазымдарға баса назар аударылды.
Н&S озық тәжірибелері	3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ	LTIF 0,12 қол жеткізу	2027	Қор тобы бойынша LTIF (жұмыс уақытынан айрылған жарақаттар коэффициенті) – 0,13 (2023 жылы 0,14)
Адами капиталды дамыту		Қауіпсіздік мәдениетін дамыту		«Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша Samruk Business Academy және ішкі жаттықтырушылар портфельдік компаниялардың 120 000-ден астам жұмыскері мен олардың мердігерлері оқытылды.
		Кадрлық әлеуетті арттыру, жаңа салалардағы құзыреттілікті күшейту		1 жұмыскерге арналған оқу сағаттарының орташа саны – 26 академиялық сағат (2023 жылы 23 сағат).



Стратегиялық
бағыт

БҰҰ ТДМ

Қордың стратегиялық мақсаттары

Мақсатты көрсеткіш

2024 жылғы жетістіктер

Ресурс үнемдеу	7 ҚИМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ	Өндірістік қызметтің энергия сыйымдылығын төмендету	-10%. 2027 жылға	Қор бойынша энергия шығыны 2021 жылғы 492 млн ГДж-дан 2024 жылы 444,2 млн ГДж-ға дейін қысқарды ⁵ .
		Парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларын қысқарту (Қамту 1 және қамту 2)	-10%. 2032 жылға	Жалпы парниктік газдар шығарындылары 57,84 млн тонна CO ₂ -экв. 2024 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 19,9%-ға азайды (72,24 млн тонна CO ₂ -экв.).
Декарбондау	13 БОРЬБА С ИЗМЕНЕНИЕМ КЛИМАТА	Электр энергиясын сатып алуда төмен көміртекті генерация үлесін ұлғайту	2032 жылға қарай 45%	Электр энергиясын сатып алудағы төмен көміртекті генерацияның үлесі 2023 жылғы деңгейде – 1% -дан кем қалды.
		Офсеттік жобалар портфелін қалыптастыру	2032 жылға қарай 5,8 млн тонна CO ₂ -экв	Қордың офсеттік жобаларының портфелі 489,7 мың тонна CO ₂ -экв (2024 жылдың аяғындағы жағдай бойынша).
«Жасыл» қаржыландыру		Электр энергиясын өндірудегі ЖЭК және СЭС үлесі	2032 жылға қарай 26%	18% (2023 жылы 15%). ⁶

Қордың БҰҰ ТДМ-ға қол жеткізуге қосқан үлесі туралы толығырақ 3-қосымшада оқыңыз. Біздің БҰҰ ТДМ-ға қол жеткізуге қосқан үлесіміз.

Стратегиялық серіктестік және ынтымақтастық

GRI 2-28 Біздің әлемдік қауымдастықпен серіктестігіміз:

- 1. IFSWF-тегі мүшелік (Егеменді әл-ауқат қорларының халықаралық форумы);
- 2. Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесі шеңберінде ҚХР Халықаралық сауданы дамытуға жәрдемдесу комитетімен серіктестік;
- 3. DIT-пен, Қазақстан-Британ іскерлік кеңесі шеңберінде Ұлыбритания Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық сауда департаментімен серіктестік;
- 4. Қазақстан-Корея іскерлік кеңесі шеңберінде KITA, Корей халықаралық сауда қауымдастығымен серіктестік;
- 5. «Vision Zero» Халықаралық нөлдік жарақаттану тұжырымдамасына мүшелік.

Біз Қазақстанның климаттың өзгеруіне бейімделу және декарбондау бойынша жаһандық бастамаларда, соның ішінде БҰҰ-ның климаттың өзгеруі жөніндегі 29-конференциясына (COP-29) Қор делегациясының қатысуы аясында мүдделерін ілгерілетуге ұмтыламыз.

Сонымен қатар, біз шетелдік серіктестермен ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бойынша белсенді жұмыс істеп жатырмыз. Шетелдік әріптестермен бірлескен күш-жігеріміз инфрақұрылымды дамытуға, инновацияларды қолдауға және Қазақстанның экономикалық өсуіне жәрдемдесуге бағытталған.

Ірі жобаларды іске асыру аясындағы біздің халықаралық ынтымақтастығымыз бен серіктестігіміз туралы толығырақ «Халықаралық инвестициялар және ынтымақтастық» бөлімінде оқыңыз.

⁵ Энергия үнемдеу бойынша прогресс 2021 жылға - «Самұрық-Қазына» АҚ төмен көміртекті даму тұжырымдамасын қабылдау сәтіндегі базалық есепті жылға қарай қадағаланады. GRI 302-4

⁶ СЭС бар компаниялар бойынша есептілік шекарасындағы өзгерістерді ескере отырып қайта есептелді.